Депутаттар жұмысының қоржынына енген бір жобаны айта кетейін. Өткен жылы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ мен белгілі драматург Ермек Аманшаев басқаратын Ш.Айманов атындағы «Казақфильм» АК бірлесіп, қала тұрғындарына «Замандас келбеті» атты кино апталығын ұсынды. Онда танымал режиссерлердің «Руханият сардары» (Сұлтан Оразалин), «Шерхан Мұртаза», «Академик Ормантаев» (Камал Ормантаев), «Парасат әуендері» (Төлен Әбдіков), «Шәмші» атты деректі фильмдері көрсетілді. Бұл фильмдерді көрсетудегі мақсат – өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеу. Қазақ қоғамында бір кездері еліміздің рухани қалыптасу жолында терең зияткерлік із қалдырған саңлақ шығармашылық тұлғалар тобы болды. Олардың басым бөлігі қудалау мен қуғын-сүргінге ұшырады, тәуелсіз елде өмір сүру олардың ең басты мұратына айналған.

Сондай-ақ «SOS» атты балалар үйлерінің бүлдіршіндеріне арнап жыл сайын 1 маусымда

«Қазақфильм» шығарған балалар мультипликациялық фильмінің көрсетілімі ұйымдастырылып, түрлі сыйлықтар таратылады. Алдағы уақытта балалар үйінде тұратын жетім балалардың әлеуметтік бейімделуіне арналған бағдарламаларды жетілдіру ойымызда бар. Өткен жылы учаскелік сайлаушылар мен қала тұрғындарына әлеуметтік-қамқорлық көрсету мақсатында бірнеше спорт алаңдары, қазіргі заман талабына сай жабдықталған медициналық орталықтар ашылды.

Әрине, барлық мәселе бірден шешіле қоймайды, оны сайлаушыларымыз да жақсы түсінеді. Біз шешімін таппаған мәселелерді ұзақ мерзімді бағдарламалар қатарына енгізіп, сол арқылы қала әкімдігіне ұсынамыз: осы ретте табысты ынтымақтастық шеңберінде мемлекеттік құрылымдық бөлімшелермен жақсы байланыс орнайды, тығыз қарым-қатынас жолға қойылады.

Қала әкімшілігімен жұмыс істеу оңай, өйткені еліміздің бас қаласының әкімшілігіндегі басшылар – нағыз кәсіби мамандар.

- Енді әңгімені басқа тақырыпқа бұрсақ деймін. Ғылым мен білім мемлекеттің әркез назарында. Әсіресе инновацияны дамыту, ғылыммен ұштастыру жайы өзекті. Осы мәселе жөнінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?
- Мемлекет басшысы биылғы «Қазақстан жолы 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында саннан сапаға өту мәселесін ерекше атап өтті. Озық нанотехнологиялар мен инновацияны, ғылыми жетістіктерді барынша кеңінен пайдаланып, барлық салаға енгізу, экономиканың тиімділігін арттыру мәселесіне тереңірек тоқталды.

Ғалымдарды қуантқан үлкен жаңалық - Елбасының ішкі жалпы өнімнің 3 пайызын ғылымға бөлінетін қаржыға жеткізу керектігі жөнінде айтқаны. Бүгінге дейін ғылымға 0,16 пайыз бөлініп келген болатын. Ал енді есептеп көріңіз, 20 есеге көбеймек. Бұл дегеніңіз отандық ғылымға ғаламат серпін беретін фактор. Оған әзір тұрған ғалымдарымыз, талантты жастарымыз жеткілікті: әртүрлі ғылыми орталықтарда, үлкен университеттерде отандық ғалымдардың тамаша жобалары бар.

- Өкінішке қарай, бұл жобалардың индустрияға қарай бет бұруы, өнеркәсіптен орын табуы бөгеліңкіреп тұрған сыңайлы ма, қалай өзі...
- Бәлкім, бұл бізде бұрын мұндай бағытта қызмет болмағандықтан шығар, мүмкін алынған жаңа жоспар, жаңа жобаларды өндіріске, өнеркәсіпке ұштастыру мәселесін бұған дейін мемлекет өз мойнына алып келгендіктен болар. Шындығына келсек, енді ғана үйреніп жатырмыз. Сондықтан, біз университетте «Start-up» жобасын іске қосуды бастадық. Жас ғалымдарға конкурс жарияланды. Олардың жаңалықтарынан 15 жобаны таңдап, қаржыландыруды өз мойнымызға алдық. Бұл

мақсатқа университет тарапынан 1 миллион АҚШ доллар қаржы жұмсалу көзделіп отыр. Яғни, ол ғалым өзінің тапқан жаңалығын шағын өндіріс ретінде елге көрсетеді. Содан кейін инвестор келеді ме, отандық өнеркәсіп басшылары келіп сатып алады ма, пайдалана ма, оның барлығы сол кезде шешіледі.

Жақында, дәлірек айтсақ, 2014 жылдың 22 мамырында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Қызылорда облысы әкімдігі арасында стратегиялық әріптестік жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Екі жақты жасалған келісімшартқа Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің атынан өзім, Қызылорда тарапынан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Инновациялық парк директоры Владимир Ким, «Alstom Holdings» компаниясының вице-президенті Филипп Ромье қол қойды.

Меморандумға қол қоюдың мақсаты: энергетика саласында әріптестік орнатып, біріккен жобаларды жүзеге асыру, еліміздің экономикасын бірлесе көтеріп, отандық өндірісті жолға қою және ғалымдар мен кәсіпкерлерге жағдай туғызу.

Біздің инновациялық парктеріміз, түрлі ғылыми жобаларымыз ғылымның қатысуын қажет ететін ірі мәселелердің шешімін табуға бағытталған. Міне, осыған өнеркәсіп орындары мен индустрия өкілдері келіп, өздерінің қажетін алып жатса, одан екі жақ та ұтады. Себебі, ғылым араласпаған жерде өсу де, ілгерілушілік те жоқ. Оны Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халыққа арнаған өзінің Жолдауында жақсылап тұрып, қарапайым да ұғынықты түрде айтып берді. Егер ғылым араласатын болса, кез келген өндірістің шығаратын өнімінің саны да, сапасы да артады.

Мемлекет басшысының алға қойып отырған басты талаптарының тағы бірі – өркениеттің көшінде бәсекелестікке қол жеткізу үшін білім мен ғылымды өндіріспен ұштастыру, отандық инновация жүйесін қалыптастыру. Міне, ЕҰУ Инновациялық парк пен Қызылорда облысы әкімдігі арасында стратегиялық әріптестік жөніндегі келісім күшіне енді. Енді жуық арада осы құжаттың шеңберінде күн көзінен қуат алатын энергетикаға байланысты ғылыми жобалар жүзеге асатын болады.

Мамандарды дайындау сапасын арттыру жөніндегі келісімшарттың екі жақты да күші бар. Сондықтан да бұл орайда жалпы өңірлер мен жоғары оқу орындарының тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі аса маңызды саналады.

Сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысында карбид кремний өндірісі зауыт жобасын салудан бөлек, Бесқарағай ауданында ағаш қалдықтарын кәдеге жарататын шағын зауыттың қанатқақты жобасы жүзеге асуда. Көкшетауда «Шучинск-Бурабай-Зеренді» демалыс аймағының энергетикалық

инфрақұрылымын «жасыл технологияларға» көшіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл ғалымдарымыздың ғылым жолындағы ізденістері мен қайнар бастаулары.

- Кезінде Алаш арыстары «Түбінде еліміз егемендік алады, өз алдына дербес мемлекет болады. Мемлекеттігімізді алған кезде ең бірінші болып Қараөткелде университет саламыз»,- деп мақсат еткен екен.
- Ол рас, XX ғасыр басындағы озық ойлы қазақ зиялыларының бұл асыл армандары ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың көрегендік саясаты арқасында толық жүзеге асты деп айтуға болады. Оған бұрынғы Ақмола қаласының республика астанасы болып жариялануы және 1996 жылғы мамыр айындағы Елбасы Жарлығымен еуразиялық үлгідегі ұлттық универсиеттің құрылуы соның жарқын дәлелі.

Бүгінде қазақтың ұлан-ғайыр даласының дәл төсінде бой көтерген Астана қаласы еліміздің ұлы мұраттары мен игі бастамаларының ұйытқысына айналса, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті халықаралық деңгейлі заманауи жоғары оқу орны болып саналады.

Әрине, кез-келген ұлттың дамып, өркендеуі үшін алдымен білім беру мәселесін шешу қажет. Өйткені, тек қана білім беру жүйесін күшейту арқылы ғана мемлекет өрге басып, өркениетке жете алады. Ұлттық білім ордасын Еуразияның бел ортасында орналасқан Қараөткелде ашуды жоспарлаған кешегі зиялыларымыз білім және ғылым саласы турасында оқу орындарында білім алу жалпы халыққа қол жетімді, әрі тегін болуын, бастауыш мектептерде ана тілінде оқыту, ұлттық орта мектептер мен университет ашу қажеттігін көрсеткен. Мәселен, «оқу жолы өз алды автономына түрінде болуы, хукмет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылуы» деген оқу-білім мәселесіне қатысты белгілеген басты бағыттар қазіргі күнгі әлемдік білім беру деңгейіне сәйкес келетін негізгі талаптар екендігіне көз жеткіземіз. Көрдіңіз бе, Елбасы биылғы Жолдауында «Жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажет» деді. Ендеше, біздің ұлттық зиялыларымыз осыдан 90 жыл бұрын озық тәжірибелі шетелдік білім беру жүйесін таңдаған. Ал қазіргі жаһандану жағдайында білім беру саласының, соның ішінде, әсіресе жоғары білім берудің маңызы бірнеше есе арта түсті. Себебі, бүгінде халықаралық жоғары білім беру тәжірибесін ескермей, қазіргі заманға сай білім алуға қол жеткізу мүмкін емес.

Сондықтан да қазіргі таңда біздің мемлекетіміздің тарапынан отандық жоғары білім беру жүйесінің жаңаша даму жолына қойылып, жылдан-жылға жетіліп отыруына ерекше ден қойылып отыр. Осы мақсатта Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алған жылдардың алғашқы кезінен-ақ жоғары білім беру саласында күрделі де қиын кезеңді өткізіп, бірнеше қайта құру бағдарламаларының жүзеге

асырылғаны белгілі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу бойынша мақсатты іс-шаралар жүргізілуде. Болон үрдісінің негізі болып табылатын – Университеттердің Ұлы Хартиясына еліміздің 60 жоғары оқу орны қол қойған. Олардың қатарына 2005 жылы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ де енді. Сонымен қатар, университет Еуразиялық университеттер қауымдастығы, халықаралық университеттер қауымдастығы сияқты ірі ұйымдардың толыққанды мүшесі болып есептеледі.

- Еуразия ұлттық университеті сол атабабаларымыз айтқан автономияға қашан көшеді?

- Елімізде алғашқылардың бірі болып көшеді. Өйткені университеттің білім беру кеңістігінде алатын орны бар және интелектуалдық, құқықтық, материалдық-техникалық базасы талапқа сай келеді: оқу орнымыз Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығының иегері. Екі жыл қатарынан тәуелсіз Қазақстан агенттігінің білім беру саласында сапалық көрсеткіш бойынша ұлттық рейтингте бірінші орында турмыз. «OS World University Ranking - Тор Universities» атты халықаралық рейтинг агенттігінің қорытындысына сәйкес әлемнің 400 алдыңғы қатарлы ЖОО ішінде 303 орын иелендік. Бұл әлемнің 17 000 ЖОО арасындағы бәсекеде қол жеткізетін орны, яғни бұл Қазақстан мен Орта Азияны былай қойғанда, ТМД елдері ЖОО-лары арасында озық жетістік болып саналады. Сонымен қатар күні кеше ғана Quacquarelli Symonds (QS) халықаралық компаниясы ашылғанына 50 жыл толмаған әлемнің ЖОО арасында «QS Тор 50 Under 50» деген жаңа рейтингісін жариялады. Нәтижесінде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 32-орынға келіп тұрақтады. Аталмыш рейтингке ТМД-ның бір де бір университеті ілінбеген. Оқу орнымыздың абыройын асқақтатқан бұл көрсеткіш - университетіміздегі білім беру ісі сапасының артып, әлемдік стандарттарға сай жарақтандырылуын төрткүл дүниеге дәлелдесе керек.

- Елбасы Н.Ә Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн.Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр», деген еді. Енді міне «Қазақстан жолы – 2015: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыздың – түркілердің Мәңгілік ел идеясын – Қазақ елінің ұлттық идеясы ретінде жариялап отыр.

- Мәңгілік Ел идеясы барша қазақстандықтардың өміріне, болашағына қатысты құжат. Ертеңгі бағытын, жүретін жолын, өсу жолындағы мұратын анық білген елдердің қандай жеңістерге жеткенін тарихтан білеміз.Біздің еліміз тәуелсіздігіне енді қол жеткізіп жатқанда алдағы 30 жылын ойласа, енді жүрісін дұрыстап, тынысын жөндеп алғанда Мәңгілік Ел деген

мұратты алға қойды. Мәңгілік Ел деген халықтың жағдайы, Мәңгілік Ел деген елдің өрлеуі, Мәңгілік ел деген Мәңгілік жарқын өмір.

Елбасымыз халыққа Жолдауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы», - деген тұжырым жасады.

Мәңгілік Ел болу мәселесі және сол жолда атқарылуға тиісті іс-шаралардың бәрі де ең әуелі халқымыздың санасына терең сіңірілуі керек. Сонда әркімнің мемлекет алдындағы, өз ұлтының алдындағы жауапкершілігі де арта түседі. Елбасы Мәңгілік Ел болып қалу үшін не істеу керектігін айтып қана қоймай, осы ұлы мұраттар жолындағы істі бастап та берді.

Отанымыздың байтағы – Астана қаласының кіре берісіне Ұлт көшбасшысының бастамасымен қойылған Салтанат қақпасының «Мәңгілік Ел» атануының өзі үлкен символикалық жүк арқалап тұр. Ол халқымыздың Мәңгілік мұраттарын, еліміздің Мәңгілік Елордасын, қазақтың Мәңгілік Ғұмырын, ұлтымыздың Мәңгілік Тілін, ұрпағымыздың Мәңгілік болашағын жарқын рәміздейді.

Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыруда, жастарды жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуде басты назар аударатын мәселелер жеткілікті: салт-дәстүрді сақтаған, жаңаша ойлай білетін, демографияға көзқарасы дұрыс, іскер, креативті, баймеценаттық сабақтастықпен дамыса жақсы ұрпақ тәрбиеленеді. Мұның бәрі – Мәңгілік Ел идеясының өзегі. Сабақтастық демекші, Елбасының алғашқы Жолдауынан бүгінгі Жолдауына дейін сабақтастық бар. Сол сияқты салт-дәстүрде, іскерлікте, байлықта, ата, бала, немере арасында үзілмейтін сабақтастық болу керек. Сонда біздің ұрпақ жаңа қазақстандық рухта тәрбиеленеді.

«Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн!» – Елбасы осылай деді. «Бәрекелді!» демеске лажың жоқ. Ел мен мемлекет мүддесін, тәуелсіздік тағдырын бәрінен де жоғары қояр болса, біз Қазақстандағы үш тұғырлы тіл саясатының талабын заманның өзі алдымызға тартып отырғандығын ұғына түскеніміз абзал. Ендігі ұрпақ үш тіл біліп жатса, олардың ендігі тағдыры сол үш тілге байланысты. Әрине, әр қазақ үшін қазақ тілі бәрінен де жоғары тұруы тиіс. Елбасының айтып отырған Мәңгілік Ел болу мәселесі біздің ұлттық идеологиямыздың ендігі басты тақырыбы деп білуіміз керек.

Қазақстан тарихшылар конгресі Еуразия ұлттық университетінің қолдауымен «Мәңгілік Ел» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналын шығарып келеді. Өткен жылы оқырманға екі саны жол тартса, биылдан бастап жүйелі түрде жарық көруде.

Басылымның мақсаты: қазақтың және басқа да түркі тілдес Еуразия халқының тарихы мен мәдениеті және оқырманның ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, Қазақстанның ұлттық тарихының негізгі жетістіктерін көпшілікке жеткізу мен насихаттау. Ұлы дала көшпенділерінің тарихын жаңғырту өз алдына, Қазақстан Республикасы Президентінің көрегендігі мен тарихшылардың алдына қойған мүдделері – ертеңгі күннің тарихы, яғни, қазіргі жастардың тарихқа деген қызығушылығын арттырып, Ұлт қазынасы үшін тарихи құндылықты қайта жаңғырту.

Бүгінгі таңда ғалымдарымыздан бөлек, Ресей, Әзірбайжан, Кырғызстан, Моңғолия, Туркия секілді шетелдерде тұратын қандастарымыз осы басылым арқылы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақалаларын жариялап, өз пікірлерін білдіруде. Демек, «Мәңгілік Ел» журналы жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастырып, жырақтағы ағайынды байланыстыратын алтын көпірге айналып, ел мен елді, жұртпен жұртты жақындастыра түсуде. Сондайақ басылым бетінде Президент Жолдауынан өрбіген салиқалы пікір-пайымдарды да ұдайы жариялап, ел тарихын таразылаған ғалымдарымыздың зерттеу нәтижелері оқу үдерісіне енгізілген.

- Университетте қызметімен көзге түсіп жүрген жас ғалымдар бар ма? Жалпы оқытушыға жасалған жағдайлар туралы айтып берсеңіз.
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Болон үдерісі ережелерінің талаптарына сай сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін білікті оқытушы-профессорлар құрамының жинақталуына ерекше көңіл бөлінген. Қазіргі таңда ЕҰУ-дің оқытушылар құрамы өте білікті, кілең танымал тұлғалар дәріс береді: философия саласында академик Жабайхан Әбділдин; математика саласында Мұхтарбай Өтелбаев, Уәлібай Өмірбаев, Нұрлан Темірғалиев; биология саласында Рахметқажы Берсімбай, Рустем Омаров; химия саласында Сұлукен Рахмадиева, Ирина Іргебаева; техника саласында Серік Нұрақов; заңтану саласында Еркін Оңғарбаев, Еңілік Нұрғалиева; түркітану саласында Мырзатай Жолдасбеков, Қаржаубай Сартқожаұлы, Қойшығара Салғараұлы; әдебиеттану мен әдебиет тарихы саласында Сейіт Қасқабасов, Серік Негимов, Тұрсын Жұртбай; саясаттану саласында Нәубат Қалиев; халықаралық қатынастар мен дипломатия саласында Сайлау Батыршаұлы; журналистика саласынла Намазалы Омашев, Ғаділбек Шалахметов; физика саласында Рәтбай Мырзақұлов, Асқар Арынғазин, Қаныш Сәбденов секілді ғалымдарды ғылыми орта жақсы біледі. Аға буын соңынан ағайынды математик Наурызбаевтар, химия саласы бойынша PhD докторы Әнуар Алдоңғаров келеді. Сондай-ақ Айбек Нұғымаров (Қазақ барысы), Серікбол Шаймарданұлы (өнертапқыш), Айбек Бекбосын (талантты күйші) болашағынан үлкен үміт күттіреді.

Еуразия ұлттық университеті ресми деңгейде

әлемнің 160 жоғары оқу орындарымен байланыс орнатқан. Күні бүгінге дейін әлемнің 45 мемлекетінен 1000-нан аса шет ел мамандары келіп дәріс оқыды. Күні кеше ғана оқу ордамызда «Қазақстанның инновациялық экономикасы жаһандану жағдайында тұрақты дамудың факторы ретінде» атты халықаралық ғылыми конференция өтті. Онда Нобель сыйлығының лауреаттары Джордж Фицджеральд, Мухаммад Юнус, Финн Кидланд, Эрик Маскин студенттер алдында дәріс оқыды. Оны онлайн жүйесінде еліміздің жоғары оқу орындары да тыңдай алды.Сондай-ақ Президенттің «Болашақ» стипендиясы арқылы 100 шақты студенттер шет елдік ЖОО-да білім алып, 300-ден аса профессор-оқытушылар құрамы ғылыми тағылымдамадан өтіп қайтты.

Бүгінде университетте 13 факультет бар. Университетімізде жаңадан тарих факультеті, этникааралық және дінаралық толеранттық бойынша ЮНЕСКО кафедрасы, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы ашылды. Факультеттер мен кафедралардың негізгі міндеті жоғары білімді мамандар даярлау, оқу үдерісі мен ғылымды біріктіре отырып, ғылыми мектептер мен инновациялық инфрақұрылымдардың жұмысын жолға қою болып табылады.

ЕҰУ профессор-оқытушылар құрамы білім берудің ең жаңа технологияларын игеруіне айрықша маңыз беріп отыр. Бұл ретте қазіргі таңдағы қазақстандық жоғары оқу орындарына үлгі болып отырған «Назарбаев Университетіндегі» оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық жобалардың өзіндік үлгісінен үйренеріміз көп. Ғылыми қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру, тәжірибе алмасу, қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды меңгеруде аталмыш оқу орны бізге бағыт-бағдар болады деген сенімдеміз.

Білім ордамыз жаһан елдерінің жоғары оқу орнындарымен жасасқан ынтымақтастық туралы келісімшарт аясында қызмет аясын жылдан жылға кеңейтіп келеді. Соның нәтижесінде Ph.D докторлары мен магистрлар және студенттеріміз шетелдік жоғары оқу орындарында мобильдік жүйе бойынша білім алуға, профессор-оқытушыларымыз тәжірибе алмасуға, бірлесіп ғылыми-зерттеу жобаларын құруға мүмкіндік алуда. Бұл әлемдегі соңғы ғылыми жетістіктерді Қазақстан ғылымына енгізіп, әріқарай бірлесіп қызмет жасауға жағдай жасалынып отыр деген сөз.

- Университет дамуының негізгі қағидатына тоқталсаңыз.
- Тәлімгерлерімізді жоғары сапалы біліммен қамтамасыз ету, қоғамның көкейкесті сұранысына сай білікті маман даярлау, интеллектуалды, отаншыл орта қалыптастыру. Жыл сайын ЕҰУ-ге мектеп бітіруші «Алтын белгі» иегерлерінің басым көпшілігі оқуға түседі. Бұл жөнінен және мемлекеттік білім грантын жеңіп алған студентеріміздің саны бойынша Қазақстанда бірінші орындамыз.

Бұдан түйетін қорытынды, ЕҰУ-де білім сапасын арттырудың бір кілті сапалы талапкерлерді оқуға қабылдаумен байланысты. Профессор-оқытушылар құрамының тәлімгерлер мен ата-аналардың жоғары талапқа сай сұранысын қанағаттандыру мақсатында барынша құлшыныспен қызмет етуі- білім сапасына оң ықпал ететін екінші бір тетік. Тәуелсіз Қазақстанда туған жас ұрпақтың білімге деген махаббатын бәсеңдетіп алмас үшін әлемнің кез-келген түкпіріне терезе ашып, байланыс құрып, дамыған елдердің жастарымен терезесі тең түлектер ұшыруды алдына мақсат етіп ұстаған оқу ордамыз бір сәт те қарқынын баяулатпақ емес. Ал оқытушыға жасалған жағдайларға келсек, жас ғалымдарға арналған шағын отбасылық жатақхана салынды, жуық арада улескерлік негізде көпқабатты тұрғын үй бой көтермек.

- Еуразия ұлттық университеті әрдайым тың бастамаларды көтеріп отырады: Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы, ЮНЕСКО кафедрасы Сіз басқарып отырған оқу орнында алғашқы болып ашылды дегендей. Осы туралы кеңірек айтып бересіз бе?
- Айтайын. Қазақстан Республикасы көп ұлтты мемлекет. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Ең бастысы, көп ұлтты Қазақстан халқы келісім мен татулықта өмір сүруде. Біз осы негізде ғана дами аламыз» деп атап өткені мәлім. Республика халқының саны 17 млн. адамнан асты. 130-дан аса ұлт өкілдері бар. Олардың арасындағы келісім мен татулық еліміз үшін шешуші мәнге ие. Саяси тұрақтылықтың тұғыры да сол келісім мен татулық болғандықтан, Президент те, ел билігі де бұл мәселені жіті бақылауда ұстайды.

Осы орайда 2013 жылы 28 маусымда Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы ашылды. Бұл маңызды оқиға десек болады. Әлемді мойындатқан ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісі жетекші жоғары оқу орнында ғылымисараптамалық тұрғыда зерттеле бастады. Кафедраға Парламент Сенатының депутаты Анатолий Башмаков жетекшілік етеді.

- Кафедраны құрудағы мақсат пен оның атқаратын басты міндеті туралы да білгіміз келеді.
- Кафедра Қазақстан халқы Ассамблеясының басты алаңы, оның ғылыми және саяси құралы. Басты міндеті - Қазақстан халқы Ассамблеясының тәжірибесі елдегі ултаралық мен татулық негізін сараптамалық бірлестіктер мен ғылыми құрылымдарды қалыптастыру арқылы іргелі зерттеуді жүзеге асыру, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени үдерістер тұрғысында этносаясат мәселелеріне байланысты жүйелі зерттелген тұжырым қалыптастыру, этносаяси зерттеулерді әлемдік тәжірибемен салыстыра отырып зерделеу,

Ал кафедраны құрудағы мақсат – әлем тарапынан

мойын-далған этносаралық қарым-қатынастың қазақстандық моделін барлық аудиторияларда, барлық факультеттерде, түрлі мамандықтарда окитын студенттерге насихаттауға мумкінлік беретін ғылыми-методологиялық қорды жасақтау, осы бағыттағы мемлекеттік саясатты түсіндіру ушін депутаттарды, Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерін және қоғам қайраткерлерін арнайы шақыртып, барлық курс студенттеріне дәріс оқыту.

Кафедраға жүктелген тағы Қазақстан халқы Ассамблеясымен және этномәдени бірлестіктермен үнемі байланыста болу, шығармашылық ұжымдар мен студенттік қозғалыстардың өзара тәжірибе алмасуына, студент жастардың Казақстандағы барша ұлттардың мәдениеті, салт-дәстүрімен танысуына мүмкіндік тудыратын кездесулер мен түрлі іс-шаралар ұйымдастыру.

- Ал, ЮНЕСКО кафедрасының ерекшелігі неде?
- Жоғарыда айтып өткендей, бұдан бұрын осы оқу ордасында Қазақстан халқы ассамблеясының кафедрасы ашылған болатын. Ал ЮНЕСКО кафедрасы Астанадағы бұл бірінші кафедра. Кафедра жұмысы белгілі бір мақсатты көздейді: мұндағы ғалымдар Қазақстанның тәжірибесін, елімізде болып жатқан оқиғаларды әлемге паш етіп, ғылымдағы қордаланған мәселелерді шешуге ЮНЕСКО көлемінде атсалысады. Сондай-ақ, студенттерге дәріс оқып, шеберлік сыныптарын өткізеді. Сөйтіп, еліміздегі ұлтаралық татулық мен мәдени байланыстың дамуына өзіндік үлестерін қосады. Бұл дүниежүзінде болмаған институт. Ерекшелігі де, мақсаты да осында.
- Жоғары оқу орны білімнен бұрын азаматтық тәрбие беретін орын. Осы жағынан қандай жұмыстар атқарылуда?
- ЕҰУ-де студенттер тәрбиесі дұрыс жолға қойылған. Жастардың патриоттық сезімдерін, мәдени-эстетикалық деңгейлерін арттыруға арналған іс-шаралар жиі ұйымдастырылып, тағылымы мол кештер, ел қадірлеген тұлғалармен жүздесулер үздіксіз өткізіліп тұрады. Бұл ретте ҚР еңбек сіңірген әртісі Кенжеғали Мыржықбаев жетекшілік ететін «Кәусар» мәдени танымдық бірлестігі университетімізде тиімді жұмыс істеп келеді. Еркеғали Рахмадиев, Кәкімбек Салықов, Илья Жақанов, Әкім Тарази, Исрайыл Сапарбай, Ақұштап Бақтыгереева, Көпен Әмірбек секілді әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлерімен өткен кездесулер студенттеріміз үшін рухани байлық дер едім. Жастар саясаты орталығы мен оның факультеттегі бөлімдерінің, студенттердің «Сенім» атты кәсіподақ ұйымының, алғаш біздің білім ордамызда ашылған «Алтын белгі» иегерлері қауымдастығының белсенділігін де атап өткен орынды. Одан бөлек «Шаңырақ» студенттер театры, «Дала сазы» ұлттық аспаптар оркестрі, «Самұрық» шоу-балет театры, «Евразия»

инструментальді ансамблі, дәстүрлі «Ер жігіт», «Қыз Жібек», «ENUVISION» байқауларының жастар үшін берері мол. Мұның бәрі студенттердің біліммен қатар азаматтық тәрбие алып жатқандығының айғағы.

Мемлекет басшысы үнемі айтып жүргендей, жастарымыздың салауатты өмір салтын ұстанып, ширақ та шымыр болып қалыптасуына барынша мүмкіндік тудыру біздің міндетіміз. Осы орайда, университеттің спорт және дене шынықтыру, әскери кафедра мен «ЕҰУ Студенттік медицина орталығы» жұмысын айтуға болады. Мәселен, бір білім ордасының жанынан студенттер үшін дәрігерлік орталықтың ашылуы ТМД елдері бойынша алғашқы екенін ескерсек, оның мән-маңызы еселене түседі. Бұл емхана университет студенттері денсаулығының жақсаруына белгілі деңгейде оң әсерін тигізсе, университетіміздің «Студенттер үйінен» жастарымызға «Студенттік кинотеатр» да студенттердің бос уақытын қызықты әрі мәнді өткізуге мүмкіндік берді.Кинотеатр қойылымдары тегін, бұл да үлкен жеңілдік, әрі эстетикалық тәрбие алуларына оңтайлы жағдай туғызу. Сонымен қатар биылғы жылы жаңа оқу-зертханалық ғимарат, шағын отбасылық үй пайдалануға берілді, бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жүйелі жалғасын таба

беретін болады.Мұның бәрі де, әрине Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың талабымен астасып жатқаны түсінікті. Алда атқарылатын жұмыстар әлі де ауқымды, әрі маңызды. Сондықтан біз әрбір ісімізді жоғары талап деңгейіне сай орындауға ұмтылып келеміз.

- Қазіргі еңбек нарығы жағдайында жоғары оқу орнында мамандықты дұрыс таңдау бәсекеге қабілетті білім алу жолындағы аса маңызды жағдаят. Биылғы жылы мектеп бітіруші түлектерге айтарыңыз бар ма?
- Бүгінгі құрған әңгіме-сұхбатымыздың өзегі негізінен сол талапкерлерге арналған деп ойлаймын. Сөз соңында: «ҰБТ-ны «өте жақсы» деген бағаға тапсырып, білікті де білімді маман болып, тамаша таңдау жасаңыз! Ол Еуразия ұлттық университеті болсын! ЕҰУ дипломы болашағыңыздың кепілі! ЕҰУ Сіздің университетіңіз, жаңа оқу жылында жарқын жүзде жолығайық, мектеп бітіруші түлектер, Алтын белгі иегерлері!» дегім келеді.
 - Әңгімеңізге рахмет!

Базарбек ТҮКІБАЙ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі



Курс на трансформацию в исследовательский университет

АДИЛОВ Ж. М. –доктор экономических наук, профессор, академик, ректор Казахского национального технического университета имени К.И. Сатпаева

История КазНТУ имени К.И.Сатпаева – это история становления и развития научно-технической интеллигенции, науки, образования и культуры в Казахстане. За 80-летнюю историю университет подготовил свыше 100 тысяч специалистов для ведущих отраслей промышленности, экономики, науки и образования. Сегодня КазНТУ, сохранив лучшие традиции, взял курс на трансформацию в исследовательский университет, в учебное заведение нового типа, построенного на приоритетах науки и образования, направив свою деятельность на практическое решение грандиозных научнотехнических задач в соответствии с вызовами XXI века и государственными программами, инициированными Президентом страны Н.А. Назарбаевым в Стратегии «Казахстан-2050».

года в год наблюдается тенденция роста подготовки специалистов. Вуз ведет подготовку по 47 специальностям бакалавриата, 50 магистратуры и 24 докторантуры Приоритетным направлением подготовка специалистов по техническим наукам и технологиям. Университет - единственный Казахстана, имеющий международную аккредитацию 21 образовательной программы всемирно признанных международных аккредитационных агентствах - ABET (США), ASIIN (Германия), АИОР (Россия) и ENAEE.

КазНТУ поддерживает деловые отношения с 149 университетами и научными учреждениями стран Европы, Азии и Америки, что позволяет студентам

обучаться в лучших университетах США, Франции, Италии, Польши, Кореи, России, Малайзии и получить второй – зарубежный диплом.

Стало системой ежегодно для чтения лекций приглашать ученых с мировым именем, лауреатов Нобелевских премий из Гарвардского, Оксфордского, Калифорнийского, Массачусетского университетов и других.

В период учебы студенты проходят практику в мировых транснациональных корпорациях, ведущих международных и отечественных компаниях, более 85 процентов выпускников сразу же трудоустраиваются после окончания вуза.

В университете создана самая современная материально-техническая база, обеспечивающая



научно-образовательный процесс и выполнение инновационных разработок на мировом уровне. Действуют 262 учебно-исследовательских лабораторий, технопарк и бизнес-инкубатор, 3 научные лаборатории коллективного пользования, 15 научных и 11 научно-образовательных центров с иностранными партнерами и 18 производственнотехнологических баз по хозяйственным договорам.

Современный вуз должен функционировать и как образовательное учреждение, и как научный центр, и как предприятие, производящее новые знания, технологии, и быть гибким к новым требованиям рынка труда и как было отмечено Главой государства: «...высшее образование должно ориентироваться в первую очередь на максимальное удовлетворение текущих и перспективных потребностей национальной экономики в специалистах..... Высшие учебные заведения не должны ограничиваться образовательными функциями. Им необходимо создавать и развивать прикладные и научно-исследовательские подразделения».

В настоящее время для повышения качества образования в развитии научно-технологического прогресса можно полагаться на исследовательские университеты, в которых ученые и инженеры будут создавать новые информационные, инженерные, космические и другие технологии, новые материалы, наноматериалы и структуры, искусственные ткани, сверхтвердые материалы, биологически активные

вешества. Исследовательские университеты, от традиционных, развиваются в в отличие соответствии с интеграцией знаний, исследований и инноваций через целостный и гармоничный процесс подготовки. Исследовательские vниверситеты ставят задачу не только подготовки специалистов техники, общественных новой технологии и но и новое благ. поколение специалистов. пробуждающих, мотивирующих и стимулирующих предпринимательство и коммерциализацию науки. Исследовательский университет - это современная форма интеграции науки, инновации, производства и образования. Именно эти университеты должны пользоваться наибольшей государственной поддержкой для проведения научной образовательной деятельности.

КазНТУ имени К.И.Сатпаева в числе таких вузов, который имеет соответствующую базу и возможности, и вполне может трансформироваться в исследовательский университет по инженерному образованию.В Стратегии развития университета до 2020 г. поставлена цель «к 2020 году стать национальным исследовательским BV30M международного уровня и войти в рейтинги ведущих университетов мира». В связи с этим деятельность vниверситета направлена на достижение соответствия таким критериям исследовательского университета, как обучение по собственным образовательным программам, их аккредитация

в международных аккредитационных агентствах, высокий потенциал профессорско-педагогического состава, развитая магистратура и докторантура PhD, большой объем бюджетного и хоздоговорного финансирования научных и прикладных исследований, обширные международные связи, развитая инфраструктура и разветвленная информационно-коммуникационная сеть.

С нашей точки зрения, формирование научных школ в казахстанских университетах в соответствии с приоритетами инновационного развития страны— это первостепенная задача.

Эта задача нашла отражение в Стратегии КазНТУ имени К.И. Сатпаева-2020, согласно которой Университет переходит к новому этапу своего развития — классической академической системе управления.

Университет позиционирует себя как национальный исследовательский университет и ставит перед собой достижение таких стратегических целей, как задавать направления инновационного развития, готовя людей к участию в экономике обеспечивать технологическую будущего; модернизацию ключевых отраслей Казахстанской экономики на основе конкурентоспособных промышленных технологий; решать задачи, связанные с передачей культурных и социальных общественной норм стандартов жизни: обеспечивать создание, поддержку и экспансию казахстанских образовательных стандартов в сфере высоких технологий. Об этом в ходе заседания депутатской группы «Онер» Сената парламента РК рассказала заместитель Премьер-министра РК Гульшара Абдыкаликова:

«На начальном этапе будут определены вузы для трансформации в исследовательские университеты и НИИ, подходящие по профилю научных исследований, на основе функционального и академического аудита. Будут определены специалисты для подготовки кадров и разработаны новые экспериментальные образовательные программы. Такая работа начата у нас на базе политехнического университета города Алматы », - отметила Г.Абдыкаликова.

Уже на сегодняшний день в Университете функционирует структура управления, основанная коллегиальном принятии решении. Вуз стремится достичь академической свободы автономности, а также сконцентрировать ярких и талантливых студентов, высококвалифицированных преподавателей и ученых. Любой исследовательский вуз состоит из следующих четырех составляющих: структура управления, способствующая поддержанию вузом концентрации на исследованиях, сильный профессорско-преподавательский состав, сильные студенты и достаточное финансирование. С одной стороны, университет стремится нанять талантливых профессоров, которые позволят привлечь сильных студентов и проводить качественные исследования. С другой, университет может нанять больше обычных (а значит, и более дешёвых) профессоров, что привлечет больше студентов, а значит, получить больше денег в виде оплаты за обучение или государственного финансирования.

Если университет в состоянии нанимать сильных профессоров, набирать сильных студентов и его финансирование незначительно зависит от количества обучаемых студентов, то он выберет исследовательскую стратегию. Увеличение бюджета может привести к смене исследовательской стратегии на преподавательскую. Так как при ограниченном количестве сильных студентов трудно создать большой исследовательский университет, и приходится создавать большой преподавательский.

Второй аспект деятельности исследовательских университетов — это вовлечение студентов в научное исследование. В этой связи наша идея состоит в том, чтобы, начиная с первого курса, распределять студентов по интересам в рамках научных школ кафедры. Отсюда следует, что абитуриенты должны не только выбирать университет для профессиональной подготовки, но и учитывать специфику деятельности научных школ выпускающих кафедр, чтобы выбрать адекватную своим интересам тематику исследовательской деятельности. Полагаем, что выполнение курсовых и дипломных работ, а также магистерских и докторских (PhD) диссертаций в рамках научной школы, созданной руководителем, позволяет проходить систематические обсуждения с группой ученых, работающих в том же направлении, а не сводится к формальным процедурам на заседании кафедры. Более того, научные школы обеспечивают преемственность В тематике И результатах исследования; позволяют рассчитывать на глубокое и основательное изучение исследуемой проблемы; формируют общность научных интересов; ведут к накоплению опыта исследовательской деятельности.

Из опыта исследовательских университетов Германии известно, что учебные дисциплины и содержание учебного материала в значительной степени определяется научными интересами профессорско-преподавательского состава кафедры. На наш взгляд, данная идея имеет ряд достоинств: 1) студенты изучают элективные курсы в соответствии с научными интересами; 2) обучающиеся имеют возможность глубоко и основательно изучить проблему научной школы; 3) студенты знакомятся с результатами исследований, проведенных членами научной школы; 4) данные дисциплины позволяют обучающимся увидеть перспективы развития научной проблемы и определить тематику курсовых и дипломных работ.

Следующий признак исследовательских университетов — это внедрение результатов исследований. Но сегодня для допуска к защите магистерской и докторской (PhD) диссертации достаточно одной-двух публикаций. Большая часть



студентов вообще не принимает участие в научных семинарах и конференциях, не состоят в научных кружках и сообществах, не публикует результаты исследования в рамках курсовых и дипломных работ. Думается, решить сложившуюся ситуацию поможет «пирамидальная» система научных семинаров, практикующаяся в университетах Германии с приглашением докладчиков со стороны (из другого города, возможно из-за рубежа), его периодичность 2-3 раза в месяц; далее еженедельные семинары, на которых с сообщениями о текущих исследованиях выступают сотрудники университета; в самом основании - еженедельные студенческие семинары. Каждый студент обязан подготовить два доклада, в них дается обзор научных статей по теме, реже сообщения о собственных разработках.

Важным структурным звеном исследовательских университетов является наличие исследовательской базы - лабораторий, научно-исследовательских институтов, экспериментальных площадок. казахстанских университетах зачастую факультеты, ни кафедры не обеспечены научноисследовательской базой, где можно было бы проводить серьезную научную работу. С нашей точки зрения лаборатории можно было бы использовать не только непосредственно для экспериментальной работы, но и для проведения самостоятельной работы магистрантов и докторантов по учебным дисциплинам, что, без сомнения, не только повысило бы результативность научных исследований, но и способствовало реализации ключевого принципа исследовательского университета обучения и исследования». В этом плане интересен опыт нашего университета, в котором по инициативе Главы государства созданы и функционируют 5 национальных лабораторий открытого типа и 15 лабораторий инженерного профиля. Из них в КазНТУ имени К.Сатпаева открыты лаборатория инженерного профиля (ЛИП) и Национальная научная лаборатория коллективного пользования информационных и космических технологий (ННЛ ИКТ). Последняя флагманом отечественной IT-отрасли является и оснащена уникальным суперкомпьютером. За короткий период времени лаборатории показали высокую эффективность: с момента открытия их сотрудниками выиграны гранты и выполняются научные исследования на сумму 885 млн. тенге, в том числе ЛИП - 333 млн.т., ННЛ ИКТ - 552 млн.т. Среди них можно выделить такие актуальные инновационные проекты: «Разработка технологии рискового картирования поражения морской биоты при аварийном разливе нефти на шельфе Каспийского моря» и «Коммерциализация технологии полимерного заводнения для увеличения нефтеотдачи пластов», которые финансируются Всемирным банком в рамках конкурса «Коммерциализация технологий». Особенностью лабораторий является то, что они открытого типа и дают возможность использования

их ресурсов любой научной организацией, вузом или иными научными коллективами.

Обобщая вышеизложенный материал, мы констатируем, что улюбого исследовательского вуза есть следующие четыре составляющие: структура управления, способствующая поддержанию вузом концентрации на исследованиях, сильный профессорско-преподавательский состав, сильные студенты, и достаточное финансирование.

Исследовательские университеты, образом, выполняют роль «площадок», блистательно приспособленных для массового обучения и тренинга профессиональных исследователей, которым для жизненного успеха чрезвычайно важно углубленное соучастие в научном процессе. При этом выгодное отличие исследовательского университета научно-исследовательских институтов и лабораторий состоит в том, что университеты в то же время предоставляют соискателям и регулярную образовательную программу, чего невозможно ожидать от НИИ. Сочетание двух равноценных - образовательного и научно-исследовательского - «модусов операнди» позволяет «накоротке» сочетать теоретические знания, полученные в ходе усвоения аудиторных курсов и на семинарских занятиях, с практикой НИР. Иными словами, исследовательские университеты - это то самое «переходное звено» между «теорией и практикой», отсутствие которого так болезненно ощущалось в советском научно-образовательном

комплексе. Идея интеграции науки и образования особенно актуальна для Казахстана, поскольку в советский период академическая наука была в значительной степени оторвана от вузовской, и университеты лишь отчасти участвовали в процессе создания инноваций, сосредотачивая свои главные усилия на подготовке кадров. Начиная с 90-х годов связи вузов с реальным сектором экономики еще более ослабли, и казахстанские университеты оказались неспособными играть существенную роль в научно-технологическом прогрессе, в отличие от зарубежных исследовательских университетов, которые к тому моменту стали опорными элементами новой экономики, основанной на знаниях. Сегодня 15 вузов страны намерены войти в Европейскую ассоциацию университетов, которая в целом определяет приоритеты высшего образования в Старом Свете.

Все эти системные меры создают основу для дальнейшего продвижения казахстанского высшего образования на мировой арене. Национальный исследовательский университет — реальное воплощение нового подхода к качественной модернизации сектора науки и образования и новой институциональной формы организации научной и образовательной деятельности, призванной взять на себя основную нагрузку в кадровом и научном обеспечении запросов высокотехнологичного сектора казахстанской экономики.







Ізденістер игілікке бастайды

БЕКТҰРҒАНОВ Ә.Е. - заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры

Республикасының Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың биылғы мылғы халыққа Жолдауынан туындайтын әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену идеясы жан-жакты. ауқымды бағытында жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, білім мен ғылым саласында инновациялық даму, жаңа технологияларды қолдану, шетелдік озық тәжірибелерді енгізу мақсатындағы терең ізденістер нәтижелі жемісін беруде. Бұл салада Еуразия құрлығындағы алты жүзден астам жоғары оку орны муше болған Болонья Университеттерінің Ұлы хартиясына 2008 жылы қол қойған І.Жансугіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті де оқу урдісін модернизациялау, озық технологияларды пайдалану тәжірибесінде әлемдік кеңістікке қол жеткізуде. Бүгінгі таңда білім ордасында Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес бірқатар стратегиялық жоспарлар жүзеге асырылуда. Нақтылай айтқанда халықаралық мамандандырылған «ACQUIN» (Германия) аккредиттік агенттігі арқылы 6 оқу бағдарламасы халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден өткізілді. ЖМУдің педагогикалық мамандықтарды халықаралық аккредиттеуден өткізген Қазақстандағы ең бірінші оқу орны болып табылады. Университет 2011 жылы Еуразиялық университеттер Ассоциациясына, 2012 жылы Еуропалық университеттер Ассоциациясына мүшелікке енді. Сондай-ақ, білім беру сапасын қамтамасыз етудің тәуелсіз Қазақстан агенттігінен (БСҚА) акредиттеуден өтіп, үстіміздегі жылы бакалавриаттың 20 мамандығын БСҚТҚА ұлттық агентігінен акредиттеуге қол жеткізді. Алдағы уақытта 16 мамандықты халықарлық ACQUIN агенттігінен акккредиттеуден өткізуге дайындауда. Үстіміздегі жылы БСҚА жоғары оқу орындарының рейтингісін жариялаған болатын. Қорытынды бойынша рейтинге қатысқан еліміздегі көпсалалы 52 білім ордасының арасынан І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті 8-орынға шықты. Былтыр 10-орында тұрған университеттің бір жылда екі сатыға жоғарылауы білім ордасында ілгерілеу бағытындағы ізденістердің терең екенін аңғартады. Алғаш рет әлемдік QS рейтингісіне қатысып, Оқыту және Мүмкіндіктер санаты бойынша 5 жұлдызға ие болса, қорытынды нәтижеде жинауға мүмкін болған 5 жұлдыздың 2-уін иеленді. QS рейтингісі дамуының жол картасы университеттің алдағы қызметін жетілдіру және дамытудағы бағыттарын анықтап берді.

40 жылдан астам тарихқа ие І.Жансугіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде бүгінгі таңда жеті: физика-метематика, қаржы-экономика, педагогика және психология, гуманитарлық, жаратылыстану-техникалық, заң, мәдениет және өнер факультеттерінде 40 мамандық бойынша бакалавриат, 18 мамандық бойынша магистратура, 4 мамандық бойынша докторантура бар. 2012-2013 оку жылынан бастап бакалавриаттың екі мамандығы бойынша (ақпараттық жүйе мен педагогика және психология) көптілді оқыту бағдарламасы қолданылуға енгізілді. Сондай-ақ 3 мамандық халықаралық білім беру бағдарламасы негізінде оқытылады. Бұл білім беру бағдарламалары серіктес шетелдік жоғары оқу орындарымен, атап айтсақ, математика мамандығы -Лодзи (Польша), тарих мамандығы Варшава (Польша), биология мамандығы София (Болгария) және Лодзи (Польша) университеттерімен бірлесіп жасалынған. ЖМУ оқытушылары алыс-жақын шетелдік білім шаңырақтарында θ3 білімдерін халықаралық деңгейдегі тәжірибелермен ұштастырып, байытып

қайтуға қол жеткізуде. Германия, Жапония, Чехия, Малазия, Греция, АҚШ, Англия, Сингапур, Украина елдерімен ғылыми тәжірибе алмасу, кәсіби деңгейді көтеру бағытында тығыз байланыс орнатылған. Мәселен, 2013-2014 оқу жылында 22 білімгер және 5 магистрант алыс шетел оқу орындарында білім жетілдірсе, 14 оқытушы Жапония, Германия, Чехия, Ресей сияқты әріптес мемлекеттердің білім ошағында студенденттер мен магистранттарға дәріс оқыды. 125 магистрант пен докторант Малазия, Греция, Польша, Турция, АҚШ, Ресей елдерінде ғылыми тәжірибеден өтті. Өз кезегінде жоғарыда көрсетілген шет мемлекеттерден 20 астам жетекші ғалымдар ЖМУ білімгерлеріне дәріс оқыды. Шетелдік жетекші оқу орындарымен тәжірибе алмасу үрдісін жалғастыру, академиялық ұтқырлық аясын кеңейту мақсатында 2014-2015 оқу жылында 35 білімгер мен магистранттардың білім ордаларында оқулары алыс шетелдік жоспарлануда. Осындай халықаралық байланыстардың арқасында университет оқытушыларының ғылыми құзіреттілігі тусуде. Мәселен, қазіргі күні университетте 331 оқытушы қызмет етсе, оның 29-ы ғылым докторы, 145-і ғылым кандидаты, 6-уы PhD докторы.

Заманауи оқу жүйесінде жаңа ақпараттықкоммуникациялық технологияларды кенінен пайдалану білім сапасын арттыруға үлкен септігін тигізеді. Бұл тұрғыда университетте Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйе қосылған. Бұл жүйе университет қызметкерлерінің түрлі авторлық бағдарламаларымен жетілдіріліп отырады. Биылғы OKV жылында «Сабак кестесі», жүктемесінің «Oĸv есебі» сынды бағдарламалармен толықтырылып, ғимаратының фойесі мен кітапхана, жатақханада орналастырылған соңғы үлгідегі мультисенсорлық интерактивті промоутерден білім алушылар мен оқытушылар оқу-әдістемелік материалдарға, силлабустарға, оқу пәндеріне, әдістемелерге, университет қызметі жайлы жалпы ақпараттарға электронды форматта қол жеткізуде. Студенттер оқытушыларды тіркеу жұмыстары онлайн жүйесінде іске асады. Окытудың кредиттік жүйесі оқу үрдісін ұйымдастыруда электрондық кітапхананы жетілдіруді талап етсе, университеттегі ғылыми кітапхана республикалық жоғары оқу орындары арасындағы және ELSEVIER халықаралық электрондық кітапханасы жүйесіне қосылған. Осы арқылы барша оқырмандар әлемдік білім беру ресурсына қол жеткізіп отыр. Жалпы кітапхана қоры өткен жылы 763 668 дана болса, биылғы жылы он екі мыңға жуық кітаппен толықтырылды. Оның он мыңға жуығы мемлекеттік тілде болса, мың жарымнан астамы орыс тілінде, төрт жүзге жуығы басқа тілдердегі әдебиеттер. Университеттің ғылыми білім беру қызметін толық ақпараттандырып, оны тиімді

ұйымдастыру мен басқаруды жақсарту үшін білімлі ақпараттандыру бөлімдері құрылып, жұмыс істеуде. Білім ордасының барлық ғимараты Wi-Fi сымсыз желісіне қосылған. Аталған желіні колдайтын мобильді құрылымы бар әрбір оқытушы, қызметкер, білімгердің интернетке тікелей тегін кіруіне мүмкіндігі бар. Wi-Fi сымсыз желісі арқылы барлық интерактивті тақталарды интернетке қосып, студенттердің қашықтан оқуына, онлайнда бейне конференциялар, бейнесабақтар және семинар өткізуге мүмкіндік жасалды. Осы негізде үздік дәрістер өткізіліп, білім сапасын арттыруға негіз қалануда. Оқу урдісін ұйымдастыруда білімгерлердің білімін бағалау мен бақылау маңызды орын алады десек, университетте студенттердің білімін бақылау мен бағалау баллдық-рейтингтік жүйе бойынша жүргізіледі. Білім алушылардың оқу әрекетін бағалаудың апталық жинақтау жүйесі бойынша электрондық журнал енгізілген. Ақпарат университеттің вебпорталына шығады, бұл студенттердің үлгерімін бағалау мен бақылаудың мінсіздігін қамтамасыз етеді. Білімгерлер өз бағаларын университеттегі промоутерден немесе интернетке қосылған кезкелген компьютер арқылы көре алады.

